

**2023-2024 оқу жылындағы 3 «Ә» сынып оқушыларымен
жүргізілген тәрбие жұмысына
ТАЛДАУ**

2023-2024 оқу жылында 3 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмыстарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ✓ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- ✓ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- ✓ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- ✓ Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- ✓ Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Жүргізілген іс-шаралар:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес ұйымдастырылды;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолданылды;
- сынып оқушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолданылды;
- ұлттық ойындарды баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолданылды;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тартылды.

Оқу жылында келесі тәрбие сағаттары өткізілді:

- Қыркүйек: «Мектебім – мейірім мекені!», «Жауапкершілік деген нені білдіреді?», «Этикет атада қонақта», «Үлкенге құрмет» сынып сағаттары, «Күз картинасы» экскурсия сабағы.
- Қазан: «Дүниежүзілік жануарларды қорғау күні», «Ас атасы – нан!», «Дене бітімінің бұзылуын алдын алу», «Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің ЖетіЖарғысы») сынып сағаттары.
- Қараша: «Қайсысы күшті: жұдырық па, сөз бе?», «Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы), «Отбасыдағы қарым-қатынас мәдениеті», «Сөмкедегі тәртіп» рейд сынып сағаттары.
- Желтоқсан: «Біздің Президент» сынып сағаты, «Қыста құстарға жем берейік», «Көк тудың желбірегені» тәрбие сағаттары, «Балаларға арналған қауіпсіз интернет» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) әңгіме.
- Қаңтар: «Автомобиль. Жол. Жаяу жүргінші» тәрбие сағаты, «Гигиена патшайымы және оның достары» сынып сағаты, «Математикалық полюске экспедикация» сайыс-сабағы.
- Ақпан: «Өзінді мамандықтар әлемінде тап», «Пайдалы әдеттердің пайдасы», «Ертегіде шындық бар», «Даналықтың 1000 кеңесі» сынып сағаттары.
- Наурыз: «Әдептілік ережелері», «Аяулы аналар мен әжелер», «Наурыз мейрамы» сынып сағаттары.
- Сәуір: «Табиғатты сүю – оны қорғау деген сөз», «Витаминия елінде», «Біздің ауылдың көктемі», сынып сағаттары, «Тапқырлар турнирі» білім сайысы.
- Мамыр: «Менің әкем – Отан қорғаушысы», «Мақтан етемін! Есте сақтаймын!» тәрбие сағаты, «Қазақстан Туының тарихы», «Қош бол, үшінші сыныбым!», «Қауіпсіз жазғы демалыс!» сынып сағаттары.

Мектепшілік іс-шараларға және сыныптан тыс іс-шараларға белсене қатысты:

- «Білім күні» салтанатты іс-шарасы;
- Тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру және өткізу, төтенше жағдайларда «Өрт қауіпсіздігі» практикалық дағдыларын қалыптастыруға үйрету;
- Тәуелсіздік күніне арнаған іс-шара;
- «Жаңа жылдың жарқырайды шамдары» мерекелік іс-шара;
- «Жазу патшасы мен патшайымы» көркем және қатесіз жазу үздіктерін анықтау сайысы (Тұрсынбаев Мирас, 1-орын)

- «Математикалық ойын» брейн-ринг;
- «Математикадан ең керемет дәптер» байқауы; (Тұрсынбаев Мирас, 1-орын)
- Қарттар күніне арналған мерекелік концерт;
- «Қызықты жаратылыстану әлемі»
- «Көңілді старт» спорттық сайыс
- «Маған ұнайтын спорт түрі» суреттер байқауы (Бийсенбаева Балнұр, 2-орын)
- «Жаса, жайна, Туған жерім!» поэзия байқауы(Қуаныш Мирас, 1-орын; Мұратбай Балауса, 2-орын)
- «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекелік іс-шарасы;
- «Төрлет, Наурыз!» мерекелік іс-шарасы;
- «Жеңіс күні» мерекелік концерті және т.б.

Қорытынды: 3 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысы оқушылардың жеке тұлғасының үйлесімді дамуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құрды. Нәтижелер оқушылардың бойында өз Отанына деген сүйіспеншілік пен патриоттық сеземінің артқанын, ар-ұят, адалдық, жауапкершілік, сөзге берік болу, үлкенге, ата-анаға құрмет, кішіге ізет көрсету, достарына, сыныптастарына сыйластықпен қарау сияқты жағымды қасиеттерді нығайтып, дұрыс тамақтану, қоршаған ортаны ластамау, ізденімпаздық дағдыларын дамытқанын көрсетті.

Сынып жетекші:



- Ажибаева А.С.